



53-НӘЖИМ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Алпыс екі аят.
 Аса қамқор, ерекше мейірімді
 Алланың атымен бастаймын.
 Батып бара жатқан жұлдыздарға
 серт. (1) Жолдастарың (Мұхаммед
 F.C.) адаспады да ауытқымады. (2)
 Ол өз ойынан сөйлемейді. (3)
 Сөйлегені көкейіне салынған уахи
 ғана. (4) Оған оны өте күшті
 (Жебрейіл F.C.) үйретті. (5) Ол қуат
 иесі (Жебрейіл өз бейнесінде) тура
 тұрды. (Бұл көрініс Хыра тауында
 болған. Ж.Р.) (6) Ол, жоғары көк
 жиекте еді. (7) Ол, жақындап
 төмендеді. (8) Тіпті садақтың екі
 басындай әлде жақынырақ. (9)
 Сонда Алла, құлына уахи ететін
 нәрселерін көкейіне салды. (10)
 Оның көзінің көргенін көңлі
 жалғанға шығармады. (11) Ал енді
 оның көрген нәрсесіне сендер
 таласасыңдар ма? (12) Расында ол,
 Жебрейілді екінші рет көрді. (13)
 Тұрақтау ағашының жанында. (14)
 Оның қасында Мәуа жаннаты бар.
 (15) Сол уақытта ағашты қаптаған
 нәрсе қаптады. (16) (Мұхаммед
 F.C.ның) көзі таймады да үстірт
 қарамады. (17) Расында ол,
 Раббының ірі белгілерін көрді. (18)
 Лат пен Ғуззаны көрдіңдер ме? (19)
 Үшінші басқа Менатты? (20) Еркек
 сендердікі де ұрғашы Алланикі ме?
 (21) Онда бұл, орынсыз бір бөліс.



(22) Бұл, сендер және аталарың
 қойған құр аттар ғана. Алла оларға
 байланысты бір дәлел түсірген жоқ.
 Олар ойларына көңілдері
 қалағанына ғана ереді. Расында
 оларға Раббыларынан туралық
 (Пайғамбар) келді. (23) Немесе
 адамзатқа көкsegені бола бере ме?
 (24) Негізінде ахирет, дүние
 Алланың иелігінде. (25) Көктерде
 қаншалаған періште бар. Алла
 қалап, разы болған кісісіне рұхсат
 бермейінше, олардың шапағаты еш
 нәрсеге жарамайды. (26)



Шынында сондай ақиретке иман келтіргендер, періштелерді (Алланың қыздары деп) әйел атымен атайды. (27) Негізінде оған байланысты бір мәліметтері жоқ. Ойға ғана ереді. Шын мәнінде құр ой, шындық жағынан еш нәрсеге тұрмайды. (28) (Мұхаммед F.C.) үгітімізден жалтарып, дүние тіршілігін ғана қалаған кісіден бет бұр. (29) Міне олардың білімі осыған-ақ жетеді. Шынында Раббың жолынан адасқан кісіні де жақсы біледі. Және тура жолға түскенді де

жақсы біледі. (30) Көктердегі әрі жердегі нәрселер Аллаға тән. Сондай жамандық істегендер, істегендерімен жазаланады да жақсылық істегендерді жақсылыққа бөлейді. (31) Сондай күнелардың үлкенінен және арсыздықтан сақтанғандардың аздаған кінәлары болса да шәксіз Раббыңның жарылқауы кең. Сендерді жерден жаратқанда және аналарыңның қарнында шикі өкпе кездерінді де жақсы біледі. Сондықтан өздерінді өздерің ақтамаңдар. Ол, кім тақуа екенін жақсы біледі. (32) (Мұхаммед F.C.) сондай бет бұрғанды көрдің бе? (33) Ол, аз берді, тоқтатты. (34) Оның жанында құпия білім болып, шындықты сол көре ме? (35) Оған Мұса (F.C.) ның нұсқаларындағы нәрселер білдірілмеді ме? (36) Сондай-ақ әмірді орындаушы Ыбырайым (F.C.) ның да. (37) Ешбір күнәкар, басқаның күнәсын көтермейді. (38) Адамзат; еңбегіне жарай ғана табысқа ие болады. (39) Сөз жоқ, еңбегінің нәтижесін жедел көреді. (40) Сонсоң оған еңбегінің бодауы толық беріледі. (41) Күдіксіз Раббыңа тиянақтайды. (42) Шын мәнінде күлдірген де жылатқан да Ол. (43) Өйткені, өлтірген де тірілткен де Ол. (44)

Шүбәсыз Алла, ер, әйелді жүп жаратқан. (45) Тамызылған бір тамшы "мәни" суынан. (46) Шәксіз екінші жасау да Оған тән. (47) Сөз жоқ, байытқан да өркендеткен де Ол. (48) Расында Ол, "Шығра" жұлдызының Раббы. (49) Күдіксіз бұрынғы Ғад елін жоқ етті. (50) Сондай-ақ Сәмүд елін де қалдырмады. (51) Одан бұрын Нұх (Ғ.С.) тың қауымын да. Өйткені олар өте залым, тым жолдан шыққан еді. (52) Төңкерілген кентті жермен-жөксен етті. (Лүт Ғ.С. ның елі.) (53) Сонда оларды апат қаптаған сайын қаптады. (54) Ал енді Раббыңның қай нығметтерінен күмәнданасыңдар. (55) Бұл Пайғамбар бұрынғы ескертушіден бір ескертуші. (56) Қиямет жақындады. (57) Оны Алладан өзге әшкерелеуші жоқ. (58) Ал енді сендер осы сөзге таңырқайсыңдар ма? (59) Күлесіндер, жыламайсыңдар. (60) (Сәжде бар.) Сендер кәперсізсіңдер. (61) Ал енді Аллаға сәжде қылып, құлшылық істендер. (62)

54-ҚАМАР СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Елу бес аят.

سُورَةُ النَّازِعَاتِ وَالنَّازِعَاتِ

وَأَنَّهُ خَلَقَ الزَّوْجَيْنِ الذَّكَرَ وَالْأُنثَىٰ ۗ إِنَّ مِنْ نُطْقَةٍ إِذَا تَقَىٰ ۖ (٤٥) وَأَنَّ عَلَيْهِ الذَّلِيلَةَ الْآخِرَىٰ ۖ (٤٦) وَأَنَّهُ هُوَ أَعْيَنَ وَأَفْقَىٰ ۖ (٤٧) وَأَنَّهُ هُوَ رَبُّ السَّعْرَىٰ ۖ (٤٨) وَأَنَّهُ أَهْلَكَ عَادًا الْأُولَىٰ ۖ (٤٩) وَتَمُودَ إِثْمَانَ ۖ (٥٠) وَقَوْمَ نُوحٍ مِّن قَبْلُ ۖ إِنَّهُمْ كَانُوا هُمْ أَظْلَمَ وَأَطَىٰ ۖ (٥١) وَالْمَوْئِدَةَ أَوْحَىٰ ۖ (٥٢) فَحَسْبُنَا مَا عَشَىٰ ۖ (٥٣) يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِنَّا نَتَمَارَىٰ ۖ (٥٤) هَذَا نَذِيرٌ مِّنَ النَّذِيرِ الْأُولَىٰ ۖ (٥٥) أَرَأَيْتَ الْآرَافَةَ ۖ (٥٦) لَلنَّاسِ لَهَا مِثْنٌ دُونَ اللَّهِ كَاشِفَةٌ ۖ (٥٧) أَفَمِنَ هَذَا الْحَدِيثِ تَعَجِبُونَ ۖ (٥٨) وَتَصْحُكُونَ وَلَا تَبْكُونَ ۖ (٥٩) وَأَنْتُمْ سَمِيدُونَ ۖ (٦٠) فَاسْجُدُوا لِلَّهِ وَاعْبُدُوا ۖ (٦١)

سُورَةُ الْفَجْرِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

أَقْرَبَتِ السَّاعَةُ وَأَنْشَقَّ الْقَمَرُ ۖ (١) وَإِنْ يَسِرَّوْا بِهِ يَعْضُوا وَيَقُولُوا سِحْرٌ مُّسْتَمَرٌّ ۖ (٢) وَكَذَّبُوا وَاتَّبَعُوا أَهْوَاءَهُمْ ۖ (٣) وَكُلُّ أَمْرٍ مُّسْتَقَرٌّ ۖ (٤) وَلَقَدْ جَاءَهُمْ مِنَ الْأَنْبَاءِ مَا فِيهِ مُزْدَجَرٌ ۖ (٥) حِكْمَةٌ بَالِغَةٌ فَمَا تُغْنِ النَّذِيرُ ۖ (٦) قَوْلَ عَنْهُمْ يَوْمَ يَدْعُ الدَّاعِ إِلَىٰ شَيْءٍ نَّكُرٍ ۖ (٧)

٥٢٨

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Қиямет жақындады, ай жарылды. (1) Олар бір мүғжиза көрсе бет бұрады да: "Жалғасты түрдегі бір сиқыр" дейді. (2) Олар жасынға шығарып, әуестеріне ерді. Негізінде әр істің бір тұрағы бар. (3) Расында оларға секем аларлық хабар келіп болды. (4) Жеткілікті хикмет бар. Сонда да ескертулер пайда бермес. (5) (Мұхаммед Ғ.С.) ендеше, олардан бет бұр. Бір күні шақырушы жаман іске шақырады. (6)